

PHILIPS

HU2510



Пайдаланушы нұсқаулығы

Мазмұны

1	Маңызды	1
	Қауіпсіздік	1
	Электромагниттік өрістер (ЭМӨ)	3
	Өңдеу	3
2	Ылғалдандырғыш	4
	Өнімге шолу жасау	5
3	Іске қосу	6
	Ылғалдандыру үшін дайындау	6
4	Ылғалдандырғышты пайдалану	6
	Ылғалдандырғышты қосу және өшіру	6
	Су деңгейі	7
	Су толтыру	7
5	Тазалау және техникалық қызмет көрсету	8
	Ылғалдандырғыштың корпусын тазалау	8
	Су ыдысын тазалау	8
	Ылғалдандыру сүзгісін тазалау	9
6	Ылғалдандыру сүзгісін ауыстыру	10
7	Ақауларды жою	10
8	Кепілдік және қолдау	12
	Бөлшектерге және қосалқы құралдарға тапсырыс беру ...	12

1 Маңызды

Қауіпсіздік

Құралды қолданбастан бұрын осы пайдаланушы нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз да, оны келешекте қарау үшін сақтап қойыңыз.

Қауіпті жағдайлар

- Құрылғы айналасында инсектицидтер немесе әтір сияқты ешбір тұтанғыш материалдарды бүркемеңіз.
- Ток соғуын және/немесе өртті болдырмау үшін құрылғыны сумен немесе басқа сұйықтықпен және тұтанғыш заттармен тазаламаңыз.
- Су ыдысындағы су ішуге жарамсыз. Бұл суды ішпеңіз және оны жануарларға беру немесе өсімдіктерді суғару үшін пайдаланбаңыз. Су ыдысын босатқанда суды құбырға төгіңіз.

Абайлаңыз

- Жоғары ылғал деңгейлері қоршаған ортада микроағзалардың өсуіне жағдай жасайтынын ескеріңіз.
- Ылғалдағыштың айналасындағы аймақтың ылғалдануына немесе сулануына жол бермеңіз. Ылғалдану орын алса, ылғалдағыштың шығаратын қуаттылығын азайтыңыз. Ылғалдағыштың шығаратын қуаттылығын азайту мүмкін болмаса, ылғалдағышты пайдалану кезінде үзіліс жасап тұрыңыз. Кілемдер, перделер, шымылдықтар немесе дастархандар сияқты сіңіргіш материалдардың ылғалдануына жол бермеңіз.
- Құрылғы пайдаланылмай тұрған кезде ешқашан ыдыста су қалдырмаңыз.
- Сақтау алдында ылғалдағышты босатып, тазалаңыз. Ылғалдағышты келесі пайдалану алдында тазалаңыз.
- Құралды қоспас бұрын, онда көрсетілген кернеудің жергілікті желі кернеуіне сәйкес келетінін тексеріп алыңыз.
- Егер қуат сымы зақымдалған болса, қауіптің алдын алу үшін, оны тек Philips компаниясына, Philips рұқсат берген қызмет көрсету орталығына немесе басқа білікті мамандарға ауыстыртыңыз.

- Құрылғының штепселі, қуат сымы немесе өзі зақымданған болса, оны қолданбаңыз.
- Бұл құрылғыны 8 және одан жоғары жастағы балалар мен физикалық, сезу немесе ойлау қабілеттері шектеулі не болмаса тәжірибесі және білімі аз адамдар қадағалаумен немесе құрылғыны қауіпсіз пайдалануға қатысты нұсқаулар алған және байланысты қауіптерді түсінген жағдайда пайдалана алады. Балалар құралмен ойнамауы керек. Тазалау және пайдаланушының қызмет көрсету жұмысын балалар бақылаусыз орындамауы керек.
- Жарақат алуды немесе құрылғының дұрыс емес жұмыс істеуін болдырмау үшін ауа шығысына немесе ауа кірісіне саусақтарды немесе заттарды салмаңыз.
- Ауа саңылаулары арқылы құрылғыға басқа заттар кіріп кетпегенін тексеріңіз.

Ескерту

- Құрылғы тек үй ішінде қалыпты жұмыс жасау жағдайларында ғана қолдануға арналған.
- Құралды әрқашан құрғақ, орнықты, тегіс және көлденең бетке қойып пайдаланыңыз.
- Ауа кірісі мен шығысын жаппаңыз.
- Құрылғының үстіне ештеңе қоймаңыз, оның үстіне отырмаңыз және оның үстіне тұрмаңыз.
- Тек осы құралға арналған түпнұсқалық Philips сүзгісін пайдаланыңыз. Басқа ешбір сүзгіні пайдаланбаңыз.
- Құрылғының жоғарғы жағындағы ауа шығыстары арқылы су толтырмаңыз.
- Су ыдысына тек салқын ағын суын құйыңыз. Жерден алынған суды немесе ыстық суды пайдаланбаңыз.
- Су ыдысына судан басқа ешбір затты құймаңыз. Суға әтір немесе химиялық зат қоспаңыз. Тек суды (ағын, тазартылған, минералдық, кез келген бөтелкедегі су түрі) пайдаланыңыз.
- Құралды қатты заттармен соғып алудан сақтаңыз (әсіресе ауа кірісін және ауа шығысын).
- Бұл құрылғыны газ құрылғысы, жылыту құрылғысы немесе ошақ/камин жанында қолдануға болмайды.

- Құралға конденсаттың тамуын болдырмау үшін құралды тікелей салқындатқыш астына қоймаңыз.
- Үй ішінде жәндіктерге қарсы қолданатын түтін тәріздес шашыратқыш қолданған болсаңыз немесе майлы қалдықтар, жанып жатқан фимиам, тұтатылған темекі ұшқындары не химиялық булану бар орындарда бұл құрылғыны қолдануға болмайды.
- Құралды ванна, дәретхана, ас үй немесе үлкен температура өзгерістері бар бөлме сияқты температурасы жоғары бөлмеде қолдануға болмайды.
- Жылжыту қажет кезде әрдайым құрылғыны қуаттан ажыратыңыз, құрылғыны тазалаңыз, сүзгісін ауыстырыңыз немесе техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындаңыз.
- Сүзгіні кір жуғыш машинада немесе ыдыс-аяқ жуу машинасында жумаңыз, сүзгінің пішіні өзгеруі мүмкін.
- Құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, сүзгілерде бактериялар мен зең пайда болуы мүмкін. Су ыдысын тазалаңыз және ылғалдандыру сүзгісін кептіріңіз. Құрылғыны қайта пайдаланбас бұрын, сүзгіні тексеріңіз. Егер сүзгі қоңыр дақтармен қатты ластанған болса, оны ауыстырыңыз.

Электромагниттік өрістер (ЭМӨ)

Бұл құрылғы электромагниттік өрістердің әсеріне қатысты барлық қолданыстағы стандарттар мен ережелерге сай.

Өңдеу

Бұл таңба осы өнімді қалыпты тұрмыстық қалдықпен тастауға болмайтынын білдіреді (2012/19/EU).



Электр және электрондық өнімдердің қалдықтарын бөлек жинау жөніндегі еліңіздің ережелерін сақтаңыз. Қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына тиетін зиянды әсердің алдын алуға көмектеседі.

2 Ылғалдандырғыш

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз!


Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өніміңізді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Philips ылғалдандырғышы сіздің және отбасыңыздың денсаулығы үшін таза, ылғалдандырылған ауаны береді.

Ол NanoCloud технологиясы қолданылған булануды бақылаудың үздік жүйесін ұсынады. Құрылғыда құрғақ ауаға H_2O молекулаларын қосып, таза ылғал ауа түзетін және суды буландырмайтын сүзгі орнатылған. Ылғалдандыру сүзгісі бактериялар, кальций және басқа да ұсақ бөлшектерді судан сүзіп алады. Ол сіздің үйіңізге тек таза, ылғалдандырылған ауа жеткізеді. Қысқы маусымда немесе желдеткіштен келетін құрғақ ауа енді болмайды.

Ылғалдандырғышты орнату және пайдалану алдында осы пайдаланушы нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Оны болашақта анықтама алу үшін сақтаңыз.

Өнімге шолу жасау




3 Іске қосу

Ылғалдандыру үшін дайындау

Ескертпе:






- Ылғалдаудың ең қолайлы нәтижесін алу үшін, қолдану алдында сүзгіні 30 минут бойы суда жібітіңіз.




- 1 Жоғарғы бөлікті екі жағынан ұстаңыз да, көтеріңіз.
- 2 Жаңа ылғалдандыру сүзгісінің орауыш материалдарын алып тастаңыз.
- 3 Ылғалдандыру сүзгісін сүзгі тірегіне орнатыңыз.
- 4 Ылғалдандыру сүзгісін және сүзгі ұстағышын су ыдысына қайта қойыңыз.
- 5 Су ыдысын ең жоғары деңгей белгісіне дейін салқын сумен толтырыңыз.
- 6 Жоғарғы бөлікті су ыдысына қайта қойыңыз.


4 Ылғалдандырғышты пайдалану

Ылғалдандырғышты қосу және өшіру


- 1 Ылғалдандырғыштың ашасын қуат розеткасына жалғаңыз.
- 2 Ылғалдандырғышты қосу үшін  немесе  түймесін басыңыз.
 - : Жеңілдетілген режим
 - : Турбо режимі
- 3 Ылғалдандырғышты өшіру үшін, қуат  түймесін басыңыз.

Ескертпе:

- Су ыдысындағы су деңгейі өте төмен болса, ылғалдандырғыш жұмысы тоқтатылады.  көрсеткіш шамы жанып тұрады.
- Ылғалдандырғыш өте таза, көзге көрінбейтін бу шығарады, сондықтан да будың көзге көрінбеуі қалыпты жағдай болып табылады.



Су деңгейі

Су ыдысында су жеткіліксіз болған кезде,  көрсеткіші жанып, ылғалдандырғыш жұмысын тоқтатады. Су ыдысына су құйғанда, ылғалдандырғыш жұмысын жалғастырады.

Ескертпе:


- Ыдыста судың біраз мөлшерінің қалып қоюы қалыпты жағдай.

Су толтыру

Ескертпе:

- Су ыдысын толтырған кезде ең жоғары деңгей белгісінен асуға болмайды, әйтпесе ауа кіру жолдарына су төгіліп кетуі мүмкін.
- жылжитқан кезде су ыдысын шайқамаңыз, әйтпесе ауа кірістерінен су ағуы мүмкін.
- Ылғалдандырғыштың жоғарғы жағындағы ауа шығару жолдары арқылы су толтырмаңыз.

1 Ылғалдандырғышты өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз.



2 Жоғарғы бөлікті екі жағынан ұстап алып тастаңыз.

3 Су ыдысын ең жоғары деңгей белгісіне дейін салқын сумен толтырыңыз.

4 Жоғарғы бөлікті су ыдысына қайта қойыңыз.

5 Тазалау және техникалық қызмет көрсету

Ескертпе:

- Тазарту алдында ылғалдандырғышты міндетті түрде розеткадан ажырату керек.
- Ауа кіретін және шығатын саңылауларға су құймаңыз.
- Ылғалдандырғыштың кез келген бөлігін тазалау үшін ағартқыш немесе алкоголь сияқты абразивті, агрессивті немесе тұтанғыш тазалағыш заттарды ешқашан пайдаланбаңыз.

Ылғалдандырғыштың корпусын тазалау

Шаңның жиналуын болдырмау үшін ылғалдандырғыштың ішін және сыртын жүйелі түрде тазалаңыз.

- 1 Ылғалдандырғыш корпусының шаңын жұмсақ, құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз.
- 2 Ауа кірісін және шығысын құрғақ, жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.


Су ыдысын тазалау

Таза ұстау үшін, су ыдысын апта сайын тазалаңыз.

- 1 Ылғалдандыру сүзгісі мен сүзгі тірегін шығарып алыңыз.
- 2 Су ыдысына су араласқан жұмсақ тазартқыш сұйықтық қосыңыз.
- 3 Су ыдысының ішкі бөлігін жұмсақ әрі таза шүберекпен тазартыңыз.
- 4 Су ыдысындағы суды раковинаға төгіңіз.
- 5 Ылғалдандыру сүзгісін және сүзгі ұстағышын су ыдысына қайта қойыңыз.

Ылғалдандыру сүзгісін тазалау


Таза ұстау үшін, ылғалдандыру сүзгісін апта сайын тазалаңыз.



- 1 Су ыдысынан ылғалдандыру сүзгісі мен сүзгі тірегіні шығарып тастаңыз.
- 2 Сүзгі тірегінен ылғалдандыру сүзгісін алып тастаңыз..
- 3 Ылғалдау сүзгіні тазалау дәрісіне (мысалы, сұйылтылған лимон қышқылының ерітіндісі) бір сағатқа салыңыз.

Ескертпе:

- Орташа немесе біркелкі қышқылды жуғыш құралын қолданыңыз (4 л суға 24 г лимон қышқылы).



- 4 Ылғалдандыру сүзгісін баяу ағып тұрған сумен шайыңыз. Тазалаған кезде сүзгіні қыспаңыз немесе сықпаңыз.
- 5 Артық суды ылғалдандыру сүзгісіне ағызыңыз.
- 6 Ылғалдандыру сүзгісін сүзгі ұстағышында жинаңыз.
- 7 Ылғалдандыру сүзгісін және сүзгі ұстағышын су ыдысына қайта қойыңыз.
- 8 Жоғарғы блокты су ыдысына қайта қойыңыз.

Ескертпе:


- Сүзгіні қыспаңыз немесе сықпаңыз. Бұл сүзгіні зақымдауы және ылғалдандыру сапасына әсер етуі мүмкін.
- Сүзгі ұстағышына жиналған болмаса, сүзгіні тік күн сәулесінің астында кептірмеңіз.

6 Ылғалдандыру сүзгісін ауыстыру

Ескертпе:

- Тек түпнұсқа Philips FY1190 ылғалдандыру сүзгісін пайдаланыңыз.
- Ылғалдандыру сүзгісін ауыстырмай тұрып ылғалдандырғышты розеткадан ажыратыңыз.
- Сүзгіні ауыстыру туралы қосымша ақпарат алу үшін өнімді www.philips.com сайтына тіркеу қажет.
- Сүзгі ұстағышына жиналған болмаса, сүзгіні тік күн сәулесінің астында кептірмеңіз.

Оңтайлы өнімділік үшін ылғалдандыру сүзгісін 6 ай сайын ауыстырыңыз. Егер сүзгі жақсы күйде болса, оны ұзағырақ уақыт пайдалана аласыз. Ылғалдандыру сүзгісін кемінде жылына бір рет ауыстырыңыз.



- 1 Су ыдысынан ылғалдандыру сүзгісі мен сүзгі тірегін шығарып тастаңыз.
- 2 Сүзгі тірегінен ылғалдандыру сүзгісін алып тастаңыз.. Пайдаланылған сүзгіні тастаңыз.
- 3 Жаңа ылғалдандыру сүзгісіндегі орауыш материалдарын алып тастаңыз.
- 4 Ылғалдандыру сүзгісін сүзгі тірегіне орнатыңыз.
- 5 Сүзгі мен сүзгі ұстағышын су ыдысына қайта қойыңыз.
- 6 Жоғарғы блокты су ыдысына қайта қойыңыз.

7 Ақауларды жою

Бұл тарауда құралда орын алуы мүмкін ең көп кездесетін ақаулықтар жинақталған. Егер төменде берілген ақпарат көмегімен ақаулық жойылмаса, еліңіздегі тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.

Мәселе	Мүмкін шешімі
Ылғалдандырғыш жұмыс істемейді.	<ul style="list-style-type: none">• Ылғалдандырғышқа ток келіп тұрғанын тексеріңіз.• Су ыдысы сумен толтырылғанын және жоғарғы блок су ыдысына дұрыстап қойылғанын тексеріңіз.

Мәселе	Мүмкін шешімі
Ауаны ылғалдандырмайды.	<ul style="list-style-type: none"> • Су ыдысы сумен толтырылғанын және жоғарғы блок су ыдысына дұрыстап қойылғанын тексеріңіз.
Су ыдысынан су ағады.	<ul style="list-style-type: none"> • Ылғалдандырғышқа артық су құйылмағанын тексеріңіз. • Әр тазалаудан кейін, не болмаса толтыру үшін жоғарғы блокты және/немесе су ыдысын алғаннан кейін ылғалдандырғыш дұрыс жиналғанын/қосылғанын тексеріңіз. • Су ыдысы дұрыс орналастырылғанын тексеріңіз. Егер мәселе шешілмесе, еліңіздегі тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.
Гигрометрден ылғалдық деңгейінің өзгергені көрінбейді.	<ul style="list-style-type: none"> • Ылғалдандыру сүзгісінің сүзгі тірегіне орнатылғанына көз жеткізіңіз. • Ылғалдандыру сүзгісі ластанған. Ылғалдандыру сүзгісін шайыңыз немесе қағын кетіріңіз («Ылғалдандыру сүзгісін тазалау» тарауына қараңыз). • Бөлме тым көп желдетілуі мүмкін. Есіктерді және терезелерді жабыңыз. • Орынжай ауданы тым үлкен.
Ылғалдандыру сүзгісінде біраз жиналған ақ зат бар.	<ul style="list-style-type: none"> • Жиналған ақ зат қақ деп аталады және судағы минералдардан тұрады. Ылғалдандыру сүзгісіне жиналған қақ ылғалдандыру сапасына әсер еткенімен, денсаулыққа зиян тигізбейді. Пайдаланушы нұсқаулығында берілген тазарту бойынша нұсқауларды орындаңыз.
Біраз уақыттан кейін сүзгі түсі өзгереді.	<ul style="list-style-type: none"> • Қалдықтар сүзгі материалының табиғи ізі болып табылады және олар ылғалдандыру сапасына әсер етпейді. Қақты жою үшін ылғалдандыру сүзгісін жиі тазарту керек және ылғалдандыру сүзгісін 6 ай сайын ауыстыру керек.
Ылғалдандырғыштан жағымсыз иіс шығады.	<ul style="list-style-type: none"> • Су ыдысы сумен толтырылғанын тексеріңіз. • Ылғалдандыру сүзгісін тазалаңыз («Ылғалдандыру сүзгісін тазалау» тарауын қараңыз).
Ауа шығысынан ауа шықпайды.	<ul style="list-style-type: none"> • Ылғалдандырғыш ашасын қуат розеткасына жалғап, ылғалдандырғышты іске қосыңыз.

Мәселе	Мүмкін шешімі
Ылғалдандырғыштан бу шығып жатқанын көрмеймін. Ол жұмыс істеп жатырма?	<ul style="list-style-type: none"> • Бу өте таза болса, ол көзге көрінбейді. Ылғалдандырғышта су буын түзбей шығатын саңылау аумағынан пайдалы ылғалды ауаны шығаратын NanoCloud ылғалдандыру технологиясы бар. Сол себепті, ылғалды көру мүмкін емес.
Егер ылғалдандырғыш ұзақ уақыт пайдаланылмаған болса, оны қалай сақтап, қайта пайдалану қажет?	<ul style="list-style-type: none"> • Ылғалдандырғыш ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, сүзгілерде бактериялар мен зең пайда болуы мүмкін. сақтау және қайта пайдалану үшін төмендегі қадамдарды қараңыз. • Су ыдысын мұқият тазалап, сақтамас бұрын ылғалдылық сүзгісін құрғатыңыз. • Ылғалдандырғышты қайта пайдаланбас бұрын, сүзгілерді тексеріңіз. Егер сүзгі тым лас және онда қара дақтар пайда болған болса, оны ауыстыру қажет (Пайдаланушы нұсқаулығында «Ылғалдандыру сүзгісін ауыстыру» тарауын қараңыз).

8 Кепілдік және қолдау

Versuni компаниясы сатып алғаннан кейін осы өнімге екі жылдық кепілдік береді. Егер ақау дұрыс пайдаланбау немесе сапасыз техникалық қызмет көрсету салдарынан болса, бұл кепілдік күшін жояды. Біздің кепілдік тұтынушы ретінде сіздің заңды құқықтарыңызға әсер етпейді. Қосымша ақпарат алу үшін немесе кепілдікті пайдалану үшін біздің веб-сайтқа кіріңіз www.philips.com/support.

Бөлшектерге және қосалқы құралдарға тапсырыс беру

Егер бөлшекті ауыстырғыңыз келсе не қосалқы бөлшекті сатып алғыңыз келсе, Philips сатушысына барыңыз не www.philips.com/support сайтына кіріңіз.

Егер бөлшектерді сатып алуда мәселелер туында, еліңіздегі Philips тұтынушыларды қолдау орталығына.



Ауа ылғалдандырғыш

HU2510

220-240V~; 50Hz;

11W

Өндіруші:

"ДАП Б.В.", Туссендиепен 4 а, 9206АД, Драхтен, Нидерланды

Импорттаушы: қосымша ақпаратты қолданбадан қараңыз.

II санатты аспап

Тұрмыстық қажеттіліктерге арналған

Қытайда жасалған

Сақтау шарттары, пайдалану

Температура: 0°C - 35°C

Салыстырмалы ылғалдылық: 20% - 75%

Атмосфералық қысымы: 85-109 кПа



Philips және Philips Shield Emblem - Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады. және лицензия бойынша пайдаланылады. Бұл өнімді Versuni Holding B.V. шығарған және оның жауапкершілігімен сатылады және Versuni Holding B.V. осы өнімге қатысты кепілгер болып табылады.
2023 © Versuni Holding B.V.

HU2510_user manual_v1.0 (08/10/2023)

